ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылдың 1 қазан Іс № 5501-24-00-2/2938 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
«Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Горводоканал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Тастемір» жеке кәсіпкернің атынан Рахия Дәненбекқызы Тастемір

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

«Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Горводоканал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Тастемір» жеке кәсіпкернің атынан Рахия Дәненбекқызы Тастемір мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Тастемір» жеке кәсіпкернің атынан Рахия Дәненбекқызы Тастемір мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Тастемір» жеке кәсіпкернің атынан Рахия Дәненбекқызы Тастемірден мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты)

теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 01.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Магзумов Е. Т., 12.11.2024

5501-24-3-1/3230